3 Естайдың «Қорланы»



4 Ақсұңқар – құстың төресі



www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

22 тамыз, бейсенбі 2024 жыл

# Сыр бойы

№129 (20803)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

95 жыл

ПРЕЗИДЕНТ



## ВЯЧЕСЛАВ КИМ мен МИХАИЛ ЛОМТАДЗЕНІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Kaspi.kz компаниясының негізін қалаушылар Вячеслав Ким мен Михаил Ломтадзені қабылдады.

Президентке Kaspi.kz компаниясы қызметінің нәтижелері мен шағын және орта бизнесті дамытуға арналған жаңа сервис құру жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына ұсынылған ақпаратқа сәйкес, бүгінде 700 мыңға жуық отандық кәсіпкер өз бизнесін Kaspi.kz технологияларының көмегімен дамытып жатыр. Биылғы бірінші жартыжылдықтың өзінде тауарлар мен қызметтер үшін 12 триллион теңге көлемінде қолма-қол ақшасыз төлем жасалып, 150 мың жеке кәсіпкер тіркелген.

Мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірленген онлайн-сервистердің көмегімен қазақстандықтар салықтарды мерзімінде төлеу мүмкіндігіне ие болды. 2024 жылдың 6 айында аталған қызметтер арқылы бюджетке 1,1 триллион теңгеден астам салықтар мен басқа да төлемдер түскен.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті өркендетудің маңызды екенін атап өтіп, Kaspi.kz акционерлеріне қолдау білдірді.

ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

## МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: **БАЗАР БАҒАСЫ ҚАНДАЙ?**



Коллаж Қ.Оразбаев

**Тамыз айы туғаннан барлық ата-ана жаңа оқу жылына дайындықты бастап кетті. Бұл шақта базардағы сауданың әдеттегіден қыза түсері анық. Біз де базар бағасын бағамдап көрдік. Қаладағы орталық базарға бас сұққаннан «дәптер бар, 10 теңгеден» деген айқайдан құлақ тұнады. Қарыс қадам жердің барлығы оқу құралдарына толы. Базар іші құж-құж қайнаған қарбалас тіршілік. Адамның адамға қарауға мұршасы жоқ. Бір ата-ананың соңында кем дегенде 3 баладан жүр.**

### ОҚУҒА БАРУ ДА ОҢАЙ ЕМЕС

Балаларын жетектеген қарапайым халықтың баратын жері – базар. Қалтасының көтергеніне қарай саудасын жасап, кем-кетігін түгендеуде. Қымбат киім алуға шамасы жететін ата-аналар дүкен аралайды. Кемі екі-үш баласы мектепке баратындар үшін базар тиімді. Ал бір бала үшін дүкен мен бутиктердегі жеңілдікті пайдаланып, сол базар бағасына тең сауда жасауға болады.

Базардағы мектеп формалары мен сан алуан бағадан басың айналады. Бәрі сапасына қарай. Қыздар мен ер балаларға арналған жейделер 5500 теңгеден басталады. Ал ер баланың шалбары 6500, қыздардың юбкасы 6000 теңгеден. Костюм-шалбар 15 мың теңгеден жоғары. Қалтаңыз көтерсе 25 мың теңгеден жоғары тәуірін алуға болады. Бала жасына қарай киімнің құны өсіп отырады. Ал тауардың дені Қырғызстан, Қытай, Түркиядан келген. Соның ішінде қырғыз өнімдеріне деген сұраныс жоғары. Түрік өнімі әрине қымбат.

Спорттық киімдердің бағасы да әжептәуір, 12-18 мың теңгенің аралығында. Аяқкиім таңдау – үлкен жұмыс. Себебі сапалысы қажет. Базардағы спорттық үлгідегі аяқкиім мен туфлидің ең арзаны 7-8 мың теңге тұрады. Сапалысы 15 мың теңгеден жоғары. Түркиянікін алу үшін қалтаңызда кем дегенде 20-25 мың теңге болу керек. Ал ауыр кітаптарды көтеруге шыдас беретін сөмкелердің орташа нарқы 6000 теңге. Базардан 4000 теңгеден де табуға болады. Бірақ сапасы сенімді емес.

Енді оқу құралын түгендейік.

– Менің 4 қызым мектепте оқиды. Сондықтан арзанын әрі сапалысын таңдаймын. Төрт балаға алғандықтан саудаласып, бағасын түсіріп алу ыңғайлы. Сондай-ақ базардың сыртындағы жаймадан да тауарлардың сапалысын әрі сан түрін табуға болады. Сөмкені 7000, кофтаны 5000, сарафан 9000, юбка 5000, спорттық аяқкиім 8000, туфли 9000, спорттық киімді 15000 теңгеден алдым. Ал оқу құралдарына келсек, қазір дәптерлерде өзгешелік бар. Түсіне қарай бағасы да бөлінеді. Біз ақ дәптерді 22 теңгеден, қоңыр дәптерді 15 теңгеден алдық. Қарандаш, қаламсап, сызғыш, өшіргіш, ұштағыш бағаларында биыл өзгеріс байқалмайды.

2-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ӘРКЕЗ ӘЗІРЛІК КЕРЕК

Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық қызметі Астана және Алматы халықаралық әуежайларында маймыл шешегі сияқты карантиндік және аса қауіпті инфекция белгілері бар адамдарды анықтау бойынша оқу-жаттығу өткізді деп хабарлайды Egemen.kz.

Оқу-жаттығу кезінде санитариялық-эпидемиологиялық, шекаралық, кедендік, сондай-ақ әуежай, желілік полиция бөлімі, әуежайдың медициналық пункті, жедел медициналық көмек және медициналық ұйымдардың өзара іс-қимылы пысықталды.



Оқу-жаттығу барысында шартты түрдегі маймыл шешегін жұқтырған науқас анықталды. Персонал жолаушыдан ауру белгілерін анықтаудан бастап тиісті іс-шаралардың толық циклін өткізді. Шара нәтижесінде семинар-кеңес өткізіліп, ұсыныстар енгізілді.

## ЖАЛАҚЫҢЫЗ ҚАНША?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, Қазақстанда орташа жалақы 400 мың теңгеден асады. Ең төменгі шекті 85 мың теңге жалақыны 170 мың адам алады деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ.

«Бүгінде Ұлттық статистикалық бюроның мәліметі бойынша орташа жалақы 403 мың теңге. Біз мониторинг жүргіземіз. Біздегі мәлімет бойынша 160 мың адам 100 мың теңгедей жалақы алады. Ал 175 мың адам 85 мың теңге көлемінде айлық алады. Бұл білім деңгейі мен жұмыс сапасына байланысты» деді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмәди Сарбасов.

Бұған дейін министрлік өкілдері маусым айында электронды еңбек биржасында 94,4 мың бос жұмыс орны жарияланғанын мәлімдеген болатын.

## ТАБЫСТАН АССА, НЕСИЕ ЖОҚ

Қазақстанда енді несие беретін кезде қарыз алушының кірісі мен қарыз көлемінің қатынасы ескеріледі. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚРРД) жаңа пруденциалды стандарт құрамын кеңейтетін қаулы қабылдағаны жөнінде Stan.kz хабарлады.

«Енді барлық несие бойынша жалпы қарызының оның жылдық кірісіне арақатынасы есептеледі» деп түсіндірді агенттік.

Қарыз ай сайынғы табысының 50 пайызынан аспауы керек.



Фото: Ашық дереккөзден

Бірінші кезеңде агенттік банктер мен микроқаржы ұйымдарының ақпараты негізінде мониторинг жүргізеді. Ал екінші кезеңде 2025 жылы коэффициенттің нормативті мәні белгіленеді.

Мамандар жаңа стандарт азаматтардың несие жүктемесінің шамадан тыс өсуін шектеп, қарызы кірісінен бірнеше есе асып кетпеуіне мүмкіндік береді деген ұстанымда.

ЕГІН – 2024

## КҮРІШ ОРАҒЫ ҚАРҚЫН АЛА БАСТАДЫ



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Облыста егін орағы қарқын ала бастады. Қазірге дейін 290 гектар күріш орылып, 56,5 мың гектар (67 пайыз) алқаптың суы байланды. Күрішті ору мен бастыру жұмыстары қазан айының алғашқы онкүндігінде толық аяқталады деп күтілуде.

Бүгінде «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 117 текше метр су түсіп жатыр. Қоймадағы су көлемі – 1,2 млрд текше метр. Төменгі бөлікке секундына 200 текше метр су тасталуда. Облыс шекарасына 474 текше метр су кіруде. Биыл өңірде ауыл шаруашылығы дақылдарын тұрақты суаруға 3,7 млрд текше метр су лимиті белгіленген еді.

Жергілікті диқандардың қолындағы 4440 ауыл шаруашылығы техникасы толығымен жөндеуден өткізіліп, күзгі егін жинау науқанына қатысуда. Оның ішінде 1890 трактор, 892 комбайн, 498 жатка, 338 жүк көлігі, 822 тіркеме бар.

Биыл 192,7 мың гектарға егін егілді. Күріштің көлемі – 84,3 мың гектар. Ал дәнді дақылдар 96,3, малазықтық дақылдар 71,6, картоп, көкөніс, бақша 19,8 мың гектарды шамалайды.

Жалпы егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 646 гектарға кеміді. Ал күріш 4,8 мың гектарға қысқарған. Оның орнына суды аз қажет ететін дәнді дақылдар 1280 гектарға, майлы дақылдар 506 гектарға, малазықтық дақылдар 2391 гектарға артық егілді.

**«СБ» ақпарат**

БӘРЕКЕЛДІ!

## АЛПАМЫС – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



Иорданияның Амман қаласында өтіп жатқан 17 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Әлем біріншілігінде грек-рим күресінен қызылордалық Алпамыс Болатұлы (51 келі) күміс медаль алды.

Алғашқы белдесуде жапониялық палуанды тізе бүктірген ол ширек финалда ирандық, ал жартылай финалда Армения спортшысын қапы қалдырды. Ол финалда американдық Джэйден Рэйниге 5:7 есебімен жол беріп, күміс медальді қанағат тұтты.

Сондай-ақ Еркебұлан Анапия (80 келі) финалда нейтралды спортшы Михаил Шкаринге 0:3 есебімен жол беріп, екінші орынға жайғасты. Ал 48 келіде қола медальға таласқан Едіге Төлеутаев 1:3 есебімен әзербайжандық Амрах Амраховтан жеңіліп, жүлдеден тыс қалды.

Аталған додаға қазақстандық балуандар толық құрамда барды. Әлем біріншілігінде грек-рим, еркін және әйелдер күресінен жалпы 30 балуан ел намысын қорғамақ.

**«СБ» ақпарат**

Валюта бағамы $ 476,81 kzt € 528,40 kzt ₽ 5,21 kzt

Ауа райы +30⁰ +33⁰ +25⁰ +28⁰

# ӨҢІРЛІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВКЕ ІРІКТЕУ ЖАЛҒАСУДА

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы №520 «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кадр комиссиялары туралы» Жарлығына сәйкес осы жылдың 1 наурызынан еліміздің барлық өңірінде, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада өңірлік кадрлық резервке іріктеу басталды.

Сейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен іріктеудің төртінші кезеңі өтті. Бұл кезең «Комиссиядағы құрылымдық сұхбат» деп аталады және кандидат таңдаған салалық бағытына сәйкес жобаны презентация арқылы таныстырады.

Еске салайық, іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімді және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысты.

Облыстағы іріктеу индустрия және өнеркәсіп, экономика және қаржы, әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары бағыттарында жүзеге асырылады.

Іріктеудің бірінші кезеңі 1-31 наурыз аралығында кандидаттардан құжаттарды қабылдау onir.pkrezerv.gov.kz сайты арқылы жүргізіліп, 226 үміткер құжат тапсырды. Екінші кезең, яғни заңнаманы білу деңгейін тестілеу нәтижесімен (5-9 сәуір аралығында өткізілді) жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеуге 116 үміткердің (4-5 мамыр аралығында өткізілді) 51-і жіберілді.

Іріктеудің үшінші кезеңі – «Құзыреттерді бағалау» Астана қаласында Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн (13-28 мамыр аралығында) форматта өткізіліп, 40 үміткер іріктеудің төртінші кезеңіне жолдама алып, оған 36 маман қатысты.

Бесінші кезең, яғни комиссия отырысында резервке кандидаттарды қабылдау туралы ұсыныс (25 үміткерге) шығарылады. Өңірлік резервте болу мерзімі – 2 жыл. Комиссия отырысының қорытынды шешімі осы жылдың 24 тамызына дейін шығарылып, 25 үміткер өңірлік резервке қабылдануы тиіс.

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ, облыс әкімі:

# «ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДА МӘСЕЛЕ ТУЫНДАМАУЫ ТИІС»



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Сейсенбіде Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде алдағы жылу беру маусымына дайындық мәселелері қаралып, тиісті тапсырмалар берілді.

– Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының дер кезінде жүргізілуі өте маңызды. Үкімет барынша қолдау көрсетіп, сұратылған қаржыны бөлді.

Биыл жылу көздері мен желілерін жаңғыртуға республикалық және жергілікті бюджеттен 12 млрд теңге қаржы бағытталды. Оны тиімді игеріп, жұмысты уақытылы, сапалы жүргізу қажет. Алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс.

Биыл 11 әлеуметтік нысанның қазандықтарын газға ауыстыруға 410 млн теңге бөлінді. Мамыр айында 9 нысанның қазандығына 303 млн теңге берілген болатын.

Қазалы, Жалағаш және Сырдария аудандарының әкімдеріне бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бірлесіп, осы жұмысты 30 тамызға дейін аяқтауды тапсырамын. Білім беру нысандарының күрделі жөндеу жұмыстарын да 30 тамызға дейін аяқтаңыздар. Сондай-ақ КСК-сы жоқ тұрғын үйлерде еш мәселе туындамауы тиіс.

Өңірімізде газдандыру жұмыстарының қарқыны жақсы. Дегенмен, елді мекендердің негізгі бөлігі әлі де көмір пайдаланады. Облыс тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету өзекті мәселе екені белгілі, – деді облыс әкімі.

Жиында аймақ басшысы жылу беру маусымына дайындық барысын қажетті деңгейде ұйымдастырмағаны үшін орынбасары Бахыт Жахановқа ескерту беріп, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаинге қатаң сөгіс жариялады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақовқа, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған аудандары әкімдеріне сөгіс берілді.

Сонымен қатар, қала және аудан әкімдеріне, бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне, коммуналдық кәсіпорын басшыларына әлеуметтік нысандарда жоспарланған күрделі жөндеу, қазандықтарды қайта жаңғырту жұмыстарын бақылауға алуды жүктеді. Тұрғындарды, әлеуметтік нысандарды қатты және сұйық отынмен қамтамасыз ету міндеттелді.

«Қызылорда жылу-электр орталығының» қазандықтары мен желілеріндегі жөндеу жұмыстарын 1 қазанға дейін аяқтауға тапсырма берілді. Ал сол жағалаудағы қазандықтың жұмысын аяқтау үшін мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу керек.

Айта кетейік, жергілікті бюджет есебінен 2 газ-турбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Жұмыс 80 пайызға орындалды.

Жаңғыртудан өтетін 9,5 шақырым жылу желісінің 4,2 шақырымы жүргізіліп, жұмыстың 44 пайызы бітті, 741 шақырым электр желісі мен 127 қосалқы станцияға күрделі жөндеу, 45 шақырым электр желісі мен 48 трансформаторға ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

Облыстағы 1 067 әлеуметтік нысанның дайындығы 85 пайыз. 2024-2025 жылғы жылу беру маусымына 193 мың тонна, оның ішінде тұрғындарға 165 мың тонна, әлеуметтік нысандар үшін 28 мың тонна көмір керек. Қазір көмір қоймаларында 32 мың тонна қор бар.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: БАЗАР БАҒАСЫ ҚАНДАЙ?

Басқа да керек заттарды өз бағасынан түсіріп сатып алғанның өзінде 30 мың теңгеге жуық қаражат жұмсадым. Мұның өзі бірінші тоқсанға ғана жетеді, – дейді Салтанат есімді қала тұрғыны.

Иә, бір балаға мектеп киімі мен құрал-жабдықтарына кемінде 55-60 мың теңгедей қаржы жұмсалатыны белгілі болды. Бұл қаражатты қалтасы көтермейтіндер де бар. Көпбалалы отбасы балалары бір форманы кезек-кезек немесе былтырғысын киеді. Әрине, жыл сайын жаңа формаға қаражат қайдан табылсын?! Қазір киіммен қатар азық-түлікті үнемдейтін заманға жеттік емес пе?

### КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА БІРРЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛУДЕ

Оқу-ағарту министрлігі жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік осал топтағы балаларға қаржылай қолдау көрсетіліп жатқанын хабарлады. Мемлекет тарапынан әлеуметтік осал санаттағы 510 мыңнан астам балаға киім, керек-жарақ сатып алу үшін қаржылай қолдау көрсетілмек.

Министрліктің мәліметінше, бүгінге дейін «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан 423 мыңнан астам баланың ата-анасының есепшоттарына 17,3 млрд теңгеден астам қаражат аударылған.

Біздің облыста аз қамтылған және көпбалалы отбасылар аз емес. Қазіргі таңда көмекке мұқтаж отбасынан шыққан, мемлекеттік мектепте білім алатын 36652 бала есепке алынған. Оларға берілетін бірреттік қаржылай көмек мөлшері − 43407 теңге. Бүгінге дейін есепке алынған отбасы балаларының 98,6 пайызы қаржылай көмекпен қамтылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

− Мен 4 қызыма мемлекет тарапынан 173 мың теңге көлемінде бірреттік қаржы алдым. Бұл да болса − үлкен көмек. Сондай-ақ барлық көпбалалы отбасы үшін мүмкіндік деп ойлаймын. Әйтпесе, баға шарықтап тұрған заманда бір баланы толық қамтамасыз етудің өзі қаншама қаржыны талап етеді. Шыны керек, қазіргі балалардың да талғамы өзгерген. Оның үстіне бұрынғыдай бірінің киімін бірі кию деген қалып барады. Бір жағынан балалардың түсінігі мен талғамы болса, бір жағынан киімдер алдағы жылы киюге жарамайды. Ал сапасы жоғары киімдердің бағасы аспандап тұр, − дейді кейіпкеріміз.

1-бет

Жаңа оқу жылы қарсаңында көмек қолын созып, оқуға керек заттарын алып, таратлатын жаны жомарт жандар да бар. Бірақ, базар бағасы бәрібір ата-ананың қалтасынан қаржы шығартпай қоймайды. Шарықтаған бағаны бағындыру мүмкін емес. Бәрі қымбат.

### «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Қазір еліміз бойынша «Мектепке жол» дәстүрлі акциясы жүріп жатыр. Бұл науқан 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалғасады. Акцияның мақсаты − аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Жыл сайынғы акция өңірде биыл да жоғары деңгейде ұйымдастырылуда.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінетін қаржылай және материалдық көмек ата-ана қамқорлығынан айырылған, жетім балалар мен жан басына шаққанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз және әлеуметтік көмекке құқылы отбасыларға беріледі. Сондай-ақ төтенше жағдай салдарынан жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар қаржылай көмек ала алады. Акция аясында әлеуметтік осал топ балаларын анықтау үшін рейд ұйымдастырылмақ. Оның қорытындысымен анықталған мұқтаж отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек көрсету мүмкіндігі қарастырылуда.

### МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

Бүгінде өңірде үш ауысымды мектеп жоқ. Бұл түйткіл мектеп жанынан қосымша ғимарат салу арқылы шешімін тапты. Заманауи үлгіде бой көтерген оқу корпустарының арқасында мектептердің оқушы қабылдау мүмкіндігі ұлғайды.

− Өткен жылы үш ауысымға көшуі мүмкін мектептер мәселесін қосымша ғимарат салу арқылы толығымен шештік. Ол өз кезегінде тиімділігін көрсетті. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 4, «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен 2, тағы 1 мектептің мәселесі жеке демеуші есебінен шешіледі. 2025 жылы аймақта бірде-бір апатты мектеп болмауы тиіс. Бұл − Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасының бірі. Осы ретте мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, оқулықтар толық жеткізіліп, оқушыларға таратылады. Сонымен қатар, мектепте берілетін тамақ сапасы да ұдайы қадағаланады, − деді жаңа оқу жылына дайындықты пысықтау барысында өткен мәжіліс отырысында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов.

Айта кету керек, жаңа оқу жылына Қызылорда қаласының сол жағалауынан 900 орындық «Жайлы мектеп», Шиелі ауданы Жансейіт ауылында 100 орындық №133 мектеп, Жаңақорған ауданы Байкенже ауылында 150 орындық №193 мектептің жаңа ғимараттарын пайдалануға беру жоспарланған. Сондай-ақ сол жағалаудағы «Оқушылар сарайы» қыркүйек айында іске қосылады деп күтілуде.

Жалпы облыс мектептері қызу дайындық үстінде. Біркатары жөндеуден өтті. Жаңа 2024-2025 оқу жылында мектеп табалдырығын 15450 бала алғаш аттамақ.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**




Фото: Ашық дереккөзден

## Аудан жаңалықтары




ҚЫЗЫЛОРДА

### ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатов алдағы жылу беру маусымына дайындықты әлі де ширату қажеттігін айтып, сала басшыларына тапсырма берді.

Қазір қаладағы 1022 көпқабатты тұрғын үйдің 808-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Қалғаны автономды-модульді бу қазандықтары арқылы жылытылады. Жылу беру орталықтарына қажетті 4761 тонна резервтік мазут отыны дайын, ал газ желісіне қосылмаған жеке сектор мен ауылдарға қатты отын алынуда. Бүгінде 5,1 шақырым кварталаралық жылу құбырларына жөндеу жүргізіліп, 67 пайызы орындалды.

АРАЛ

### ТОҚАБАЙДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев жұмыс сапарымен Тоқабай елді мекеніне барып, құрылысы жүріп жатқан бірнеше әлеуметтік нысанда болды.

Алдымен демеушілік есебінен салынып жатқан мектеп ғимаратына аялдады. Құрылысты «Промстройсервис» ЖШС мердігер мекемесі өз жауапкершілігіне алған. Білім ордасының А блогының ішкі жұмыстары 90 пайызға аяқталып, әрленіп, сырлануда.

Мұнан соң жаңадан бой көтеріп жатқан дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстарын көрді. Дәрігерлік амбулатория осы жылдың қазан айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

ҚАЗАЛЫ

### «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық науқаны аясында Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр атындағы орталық мешітте 100 балаға оқуға қажетті құралдар үлестірілді.

Шарада мешіттің бас имамы Нұрдәулет Нәби балаларға тілектестігін білдірді.

Жалпы қайырымдылық науқаны кезінде Қазалы ауданы бойынша 250-ден астам оқушыға мектепке қажетті оқу жабдықтары беріледі деп жоспарланған.

ҚАРМАҚШЫ

### АУРУҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАР БАСТАЛДЫ

Аудан бойынша кенеге қарсы күзгі залалсыздандыру жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес тамыз айының 16-нан басталды. Залалсыздандыруды «Сәтті Түлік» ЖШС жүргізеді.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы бойынша ауданның 16 елді мекені қолайсыз болып танылған. Олар − Жосалы, Төретам кенттері, Қармақшы, Ақай, Төребай би, Иіркөл, Дүр Оңғар, Ақтөбе, Ақжар, Тұрмағамбет, Алдашбай ахун, Көмекбаев ауылдық округтері мен Қызылтам, Ордазы, Қорқыт ата, Диірментөбе бекеттері.

ЖАЛАҒАШ

### АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛҒАН ТИІМДІ

Ауданда облыстық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ердәулет Жаукеев кездесу өткізді.

Кездесуде ауыл әкімдері, аудандық ветеринариялық станциясы және ветеринария инспекциясымен бірлесіп, үй жануарларының жолға шығуы салдарынан болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу, пада, кезекшілік ұйымдастыру, жарық шағылыстыратын бояу жағу, мойындық тағу мәселелері талқыланды. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

СЫРДАРИЯ

### ЕМДЕЛУШІЛЕРГЕ КЕҢЕС БЕРДІ

Аудандық ауруханада «Қант диабеті мектебі» жұмыс жасайды. СӨСҚ маманы Лилия Ауминова қант диабетімен ауыратын науқастарына арналған өзін-өзі бақылау жөнінде кезекті сабақ өткізді.

Арнайы ұйымдастырылған сабақ барысында дәрігер-эндокринолог Айжан Ибраева терінің температурасына сезімталдық үшін диабеттік диагностикалық сынаушы «TIP THERM» аппаратымен термоэстезиометрия жасады. Зерттеу әдіс-тәсілі бойынша сала маманы емделушілерге түсіндірме жұмысын жүргізді. Науқастар мамандарға сауалдарын жолдап, тұшымды жауап алды.

ШИЕЛІ

### БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

«Ұлттық мұра» жобасы аясында Шиелі кентінде түрлі ұлт өкілдерінен құралған отбасылармен кездесу кеші өткізілді.

Онда отбасы мүшелерінің өнегелі өмір жолы баяндалды. Әсерлі әңгіме айтылып, ән мен күйден шашу шашылды. Халқымыздың ұлттық мұрасы, тілі, мәдениеті, өнері дәріптелді. Қатысушыларға «AMANAT» партиясы Шиелі аудандық филиалының атқарушы хатшысы Жібек Баймұратова жылы лебізін білдіріп, Алғыс хат табыстады.

ЖАҢАҚОРҒАН

### ЖАҢА МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Биыл Жаңақорғанда 3 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Соның бірі – Байкенже ауылындағы 150 орындық білім ошағы.

Қазір құрылыс аяқталуға жақын. Осы орайда аудан басшысы Мажит Самитов жаңа нысанды аралап көрді.

Бүгінде жылу қазандықтары тексеріліп, абаттандырылып, ішкі жабдықтары орнатылуда. Құрылысты «Абу-Сер» ЖШС жүргізуде.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»**




Ашық дереккөз негізінде дайындаған Г.Өтешова

Қазақтың көрнекті ақындарының бірі Мұзафар Әлімбаевтің:

«Қыз Қорлан хор қызындай
тамсандырған,
Естайға әлемде жоқ
ән салдырған»,

– деп Қорланды жырға қосқанын білеміз. Екі қатарда қаншама мазмұн жатыр. Сұлулық пен айшықты әннің болмысы айқын көрініп тұрған жоқ па?! Қорлан – қас сұлудың өзі, Естай – дүниеге жар салып, сүйгеніне ғажайып ән арнаған жалынды махаббат иесі. «Қорлан» әнін Ахмет Жұбанов «Қазақ әуенінің жауһары» деп бағалаған. Расында, қазақ даласында шалқыған ән өзіне дейінгі «Қозы көрпеш-Баян сұлу», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты ғашықтық жырларының жалғасы іспетті. Содан да болар, XIX ғасырдың соңында туған ән бүгінде дүниенің төрт бұрышына тарады.

Ән тарихын айтпас бұрын Естай кім, Қорлан кім? Қысқаша дерек берейік. Естай Беркімбайұлы (шын аты Есмағанбет) 1874 жылы (кейбір деректерде 1868 жылы делінеді) Павлодар облысы Ақтоғай ауданының «Талдықамыс» ауылында дүниеге келген. Жастайынан өнерге әуес болып өскен бала 16 жасында әдепкі «Шолпан аққан» деген әнін шығарды. Осыны тыңдаған Біржан сал: «Баланың дауысында аруақ бар екен, түбінде мықты әнші болар» депті. Жалпы Естай 35 ән жазған деседі. Есімін жер-жаһанға танытқан әні – «Қорлан». Оны алғаш нотаға түсірген Александр Затаевич. Ол ел арасынан бірнеше нұсқасын табады. Негізгі нұсқаны Майрадан алған. Майра Уәлиқызы Естайдың түгелге жуық әндерін білген және келістіре орындаған. Керекудің бұлбұлы, әйгілі Майраға арнаған Естайдың «Юран-ай» дейтін әні бар көрінеді. Юран Майраның лақап аты екен. Естай Беркімбайұлымен бірнеше рет кездесіп, оның бірсыпыра әндерін жазып алған композитор Борис Ерзакович дейді. Дәстүрлі әншілер орындап жүрген «Бір мысқал», «Сандуғаш», «Қоштасу» атты тағдырлы әндері көпке белгілі, «Жайқоңыр», «Майдақоңыр», «Қаракөз», «Назымгүл» әндері де – халық жүрегінен орын алған туындылар.

Естай Беркімбайұлы екі ұл, екі қызды болған. Тума-туыстарының айтуынша ер балаларынан ұрпақ қалмаған. Жәкөш деген баласы жастай дүние салған, ал Жәнәбілі Отан соғысынан оралмаған. Қыздарынан ұрпақ қалған екен. Зекен, Зейнеш деген немерелері беріде дүниеден өткен. Олардан тараған жұрағаттар бар көрінеді.

1939 жылы Мұхтар Әуезов, Жамбыл Жабаевпен бірге Қазақстан Жазушылыр одағының II съезіне қатысыпты. Осы жылдың күзінде оған «Қазақстан Республикасының өнеріне еңбегі сіңген қайраткер» атағы беріледі. Естай ақын Қасым Аманжоловпен кездесіп, дауылпаз ақын «Қорлығайын» атты драмалық поэма жазады. 1945 жылы ұлы Абайдың 100 жылдық мерейтойына шақырылған. Кенен Әзірбаевпен бірге Қазақстан Композиторлар одағының жиынында сөз сөйлеген. Ақын Мұзафар Әлімбаев «Естай-Қорлан» поэмасын жазған. Қазақтың маңдайына біткен бірегей тұлға, артына өшпестей әндер қалдырған ақын, әнші-сазгер Естай Беркімбайұлы 1946 жылы 72 жасында дүниеден озды. Павлодар қаласындағы үлкен мәдениет сарайы мен бір көше оның атына беріліпті. Екібастұздағы музыка мектебі халық композиторының есімімен аталған. Естай Беркімбайұлының 125 жылдығына орай Павлодар өңірінде өткізілген мерейтойдың барлық іс-шараларына оның өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым Төлеутай Ақшолақов, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Зейін Қоспақов, композитор Борис Ерзакович, сол кездегі республикалық баспасөз орталығының жетекшісі Ербол Шаймерденов қатысты. Осыдан соң екі жылда бір рет дәстүрлі әншілер байқау-конкурстары өтетін болған.

Енді Қорланға келейік. Қорлан Сұлтанқызы 1878 жылы туған. Әкесі Сұлтан атақты би, әкесінің ағасы Сұңқар болыс болған. Бұлар «Қаранай» деген жердегі ең бай адамдар екен. Естаймен 1896 жылы кездескен. Апалы-сіңлілі екі қыз Құсни мен Қорлан көрші ауылдағы тойға барады. Ол кезде Қорланның жасы 18-де болса керек. Аққөлдің Иса деген бір мықты азаматы да сол тойға шақырылып, қасына жасы жырмадан асқан Естайды ертеді. Сол уақытта ел арасында атағы шыға бастаған Естайдың келгенін біліп, кешқұрым ауыл жастары сауық кешін ұйымдастырады. Естай Қорланмен сол кеште кездесіп, бір-бірін шын ұнатып қалады. Қазақтың сол кездегі салты бойынша қыз Қорлан атастырылып қойылған еді. Атастырған жері де мықты, бір басына он жеті мың жылқы біткен Қуат байдың шөбересі Нұрмұхаммед деген жігіт. Көп ұзамай Қорлан ұзатылып кете барады. Ғашықтық дертіне ұшыраған Естай осы оқиғадан соң, «Қорлан» әнін шығарған ғой.

Бұл ән – құрылымы жағынан да, әуезділігі жағынан да теңдесі жоқ туынды. Қазақ композиторларында бұрын-соңды кездеспеген бөлек бір классикалық ән десек қателеспейміз. Себебі, небір атағы дардай композиторлар мен кәсіпқой музыканттарды таңғалдырған. Бірнеше бөліктен тұрады. Әуелі жайбарақат басталып, орта белге келгенде көтеріледі де, одан әрі шырқау биікке самғап барып, қайта түседі. Осы жерде ән мәтініне назар аудара кетейік:

– Бір қыз бар Маралдыда
Қорланғайын,
Табиғат берген екен күн мен
айын.
Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен,
Дариға арманым көп не қылайын.
Ахау, арман,
Құсни-Қорлан,
Екі-ай бағылан,
Екеуі туған екен бір анадан.
Бозбала қалма қапы
бұл жалғаннан,
Жігітте арман бар ма
сүйгенді алған,
Өзіңдей боп жан тумас,
Туса туар, артылмас,
Бар ғаламды шарықта,
О, дариға ләулік тас,
Бағдат, Мысыр, Шың, Машын,
Іздесем Қорлан табылмас.

Мұқият тыңдаған кісіге әннің екі қайырмасы бар сияқты сезіледі. Бірақ екі қайырманың ортасы көркемделе қабысып, сазды әуендер бір-бірімен гармониялық үйлесім тапқан. Міне, әннің ерекшелігі де, ғажайыптылығы да осында жатса керек. Жоғарыда айтқандай әннің нұсқалары да, орындаушылары да аз емес. Олай болуы да кешірімді. Себебі, әуел баста нотаға түспей тұрып, ауызекі тараған. Екіншіден, әсем әнге қызыққан әр әнші бұл күрделі шығарманы өз қабілет-қарымы мен мүмкіндігінің жеткен жеріне дейін орындап отырған. Бір сөзбен айтқанда, деформацияға ұшыраған. Қайсыбір айтушыларда (арасында белгілі әншілер бар. Т.Е.) «Өзіңдей боп жан тумас, туса туар артылмас» дейтін жері жоқ. Ал бұл бізге ең керегі, яғни әннің кульминациясы. Жүсіпбек Елебековтей орындаса ғой шіркін! (Осы жолдардың авторы 1964 жылы ауылдың шағын сахнасында Алматыдан келген күміс көмей әнші-ұстаз Жүсекеңнің орындауындағы «Қорланды» алғаш рет ықыласпен тыңдаған еді. Т.Е.)

Ән бүгінде Қайрат Байбосыновтан бастап, біраз әншілердің репертуарына енген. Арасында Димаш Құдайберген де бар. Бір айта кетерлігі «Қорлан» әні «Ер Тарғын» операсына енген. Жерлесіміз, ақын-драматург Иран-Ғайып «Естайдың Қорланы» дейтін пьеса жазды. Естайдың көбірек айтылып жүрген әні – «Сандуғаш». Бұл әнді де орындаушылар аз емес. Атап кетер болсақ, әнді әдепкі орындаған жоғарыда атап кеткен Қазақстанның халық артисі Қайрат Байбосынов болса, қазір айтушылар Клара Төленбаева, Сандуғаш Тұрарова, Ерке Есмахан осылай жалғаса береді. «Сандуғаш» – Естай Беркімбайұлының өмір туралы философиялық тұрғыда ой түйіп, дүниеге әкелген кең тынысты әні. Тәрбиелік мәні бар деп те білсек керек.

Ендігі сөз Қорланның Естайға сыйлаған жүзігі жайлы. Қыздан туған жиені Зекен Естаева атасының қолында жүзіктің болғанын растайды. «Қыздың көзі қызылда демекші, біз «Ата жүзігіңізді беріңізші» деп сұрасақ, «Жоқ болмайды, бұл Қорлан берген жүзік» дейтін» дейді.

Ақын Мұхтар Шаханов «Ғашықтық ғаламаты» балладасының кіріспесінде былай деп жазады: «Атақты Естай 72 жасқа келіп, тіршілікпен қоштасар сәтінде жанұшырып жан досы Нұрлыбекті іздепті. Екі күншілік жерде тұратын досы аттан құлап аяғын сындырып алғанына қарамастан, арбаға жанбастай жатып, Естайға жеткен екен дейді. Сонда Естай сұқ саусағындағы алтын жүзігін көрсетіп: «Сүйегіме кіретін кісілерге ескертерсің, мына жүзікті жарты ғасыр шешпей келгенімді білесің, шешпесін, ана дүниеде де жарқырап қолымда жатсын. Сезімін кішкентай жүзікке сыйғызған қайран Қорланым-ай» деп көзін жасқа шылаған екен...».

Қорлан өмірлік жары Нұрмұхаммедпен сыйластықта, тату-тәтті өмір сүріп, бес балалы болыпты. Олар 1930 жылдарға дейін алаңсыз ғұмыр кешкен. Алайда, Кеңес үкіметі байларды кәмпескелеп, жер аударған уақытта қуғын-сүргін нәубеті Нұрмұхаммедті де айналып өтпеген. Ол Приморскіге айдалып кетеді. Елді ашаршылық жайлап, бір үзім нанға зар болған кезеңде жанұшырған Қорлан күздің қара суығында арып-ашып, бес баласын Алтайдағы төркін жұртына әрең жеткізеді де, 59 жасында, яғни 1937 жылы көз жұмады. Қорлан өмірін тереңірек зерттеген Қазақстанның мәдениет қайраткері Қуат Есімханов бертінде жерленген жерін іздеп тауып, құлпытасына мынадай екі қатар өлең жаздырыпты:

«Дариға, өлмейтұғын
әнге айналған
Дүниеге қайтып келмес,
қайран Қорлан».

Қорланның әпкесі Құсни туралы дерек іздегендер, оның ішінде жоғарыда айтқан Қуат Есімханов та бар, ештеңе таба алмаған. Өсіп, ержете бастаған Қорланның үш баласы соғыс жылдары майданға аттанады. Бір үйден екі немесе үш адам соғысқа алынса, репрессияға ұшыраған әкелері немесе бірге туғандары айдаудан босатылсын деген заң шығып, Нұрмұхаммед 1943 жылдың көктемінде елге оралады. Келгесін бар жағдайға қанығады. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ, шаңырақ көтер» деген ағайындарына: «Екінші Қорлан жоқ ғой» деп жауап қайтарыпты. Нұрмұхаммед 1966 жылы 94 жасында, яғни Қорланнан 29 жыл кейін қайтыс болады. Ал Естайдың «Қорланы» күні бүгінге ел аузында, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

**Темірбек ЕСЖАНОВ,**
**Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# ХАБАРЛАНДЫРУ

## Кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу бойынша өтініштерді қабылдау басталды

**Ұйымдастырушы:** «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ.

**Орналасқан жері:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

**Байланыс телефоны:**
+7(7242) 60-54-08, 60-54-07.

**Өтінімдерді қабылдау нысанасы:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

**Өтінімдерді беру орны:** Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

**Құжаттамаларды ұсыну мерзімі:** 2024 жылдың «1» қыркүйектен бастап 2024 жылдың «15» қыркүйек аралығы (жұмыс күндері).

**Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты:** 2024 жылдың «1» қыркүйегі сағат 09:00.

**Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты:** 2024 жылдың «15» қыркүйегі сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдарды;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;
- зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектерін – жиырма тоғыз жасқа дейін;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;
- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды;
- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;
- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникациялық әлеуетті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімделуді көздейтін қызметтер, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтер;
- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу;
- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;
- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу.

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;
-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;
-мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын меңгеруде, дамуда және әлеуметтік бейімделуде қиналатын білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;
- әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтер ұсыну сапасын арттыруға бағытталған, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілерін (волонтерлерді) оқыту;
- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)
- қоршаған ортаны қорғау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша қабылданады.

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.


# АБЗАЛ МЕБЕЛЬ – САПАЛЫ ЖИҺАЗ ӨНІМДЕРІ

Кәсіпкер Төлепов Тұрсын жиһаз өндіру кәсібін 2013 жылы «Абзал мебель» брендімен бастады. Алғашқы жылдары ол көптеген кішігірім тапсырыстармен айналысты. Арнайы жабдықтардың болмауына байланысты жұмысты өз қолымен жүргізді. Тапсырыстарды орындау арқылы тұтынушылардың оң пікіріне ие болған кәсіпкер уақыт өте келе жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Бүгінгі таңда оның кәсібі аймақтың жиһаз өндірісі нарығындағы көшбасшылардың бірі болып табылады.

Кәсіпкер Төлепов Тұрсынның қызметі жоғары деңгейдегі корпустық жиһаз бен ағаш ұстасының кез келген түрін өндіруге бағытталған. Компанияның өндірістік қуаты 7500 тоннаны құрайды. Компания нарықта 10 жылдан астам жұмыс істейді және елдің барлық аймақтарында кеңсе және коммерциялық жиһаздарды, сондай-ақ жеке тұтынушыларға арналған тұрғын үй жиһаздарын өндіруде және жеткізуде



үлкен тәжірибеге ие. Жұмыста Европада, Түркияда және Ресейде жасалған тек премиум материалдар мен жабдықтар қолданылады.

Жиһаз өндірісін кеңейту үшін жабдықтар сатып алу мақсатында кәсіпкер Төлепов Тұрсын «Еуразиялық банк» АҚ-дан қаржыландыруды алып, «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жоба» бағдарламасы шеңберінде басым сектор бойынша субсидиялау түрінде «Даму» Қорынан қолдау алды.

Кәсіпкердің жиһаз өндірісі өнімнің тұрақты сапасы мен бәсекеге қабілетті бағаны қамтамасыз ететін заманауи жабдықтар мен озық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырады. Кәсіпкердің жеке өндірістік цехы жиһаз өндірісінің барлық циклін технологиялық негізделген түрде, материалдарды жинаудан бастап дайын өнімді орауға дейінгі процесті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Алтынсарин көшесі, 118. Тел.: +7 707 526 70 70. Инстаргам: abzal_mebel_kzo**


## ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті бастығының және орынбасарларының 2024 жылғы жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

| Мемлекеттік органның атауы | Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның Т.Ә.Ж. | Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды жүргізген тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| ҚР ТЖМ Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті | Қайрақбаев Руслан Сламбекұлы | Департамент бастығы | дүйсенбі-сәрсенбі сағат 15:00-17:00 | Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69 | 55-10-85 |
| | Ибрагимов Нұрсұлтан Жаңабайұлы | Департамент бастығының орынбасары | сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00 | Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69 | 55-10-85 |
| | Әбдіқадыров Бекболат Қайырбекұлы | Департамент бастығының орынбасары | сәрсенбі-жұма сағат 15:00-17:00 | Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69 | 55-10-85 |
| | Түйменов Жасұлан Қалдыбайұлы | Департамент бастығының орынбасары | сейсенбі-бейсенбі сағат 15:00-17:00 | Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі, құрылыс 69 | 55-10-85 |

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің тарапынан заңсыз іс-әрекеттер орын алған жағдайда ҚР ТЖМ Жеке құрам бойынша инспекция басқармасына 8(7242) 60-21-27, 60-19-77 телефоны арқылы, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Жеке құрам бойынша инспекция тобына 8(7242)70-03-15 телефоны арқылы жүгіне аласыз. Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Сенім телефоны» 8 (7242) 24-40-46.

№129 (20803) 22 тамыз, бейсенбі 2024 жыл

Мерейлі отбасы ұлттық байқауы

# ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қазақ ұғымында отбасы – өзара сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни қоғамның діңгегі. Олай болса, отбасының аман-саулығы, татулығы – елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен кемел келешегінің өлшемі. Ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр сабақтастығын терең насихаттау арқылы жас ұрпақ тәрбиесіне жаңаша дем беріп, өнегелі әулеттердің өрісін кеңейтуге ықпал еткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі қорытындыланды.




А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы» байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты жиын өтті. Байқау жеңімпаздарын қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев құттықтап, қала әкімінің құттықтауы мен бағалы сыйлықтар табыстады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бақытты және мықты отбасы – елдің амандығы мен өркендеуінің кепілі. Мемлекет алдағы уақытта отбасы институтын қолдап, бұл салада кешенді саясат жүргізеді» деген болатын. Отбасы тұрақтылығы – демографиялық өсімнің бірден-бір қағидасы десек, тұрақты отбасын қалыптастыру әрбір азаматтың міндеті. Халқымызға тән қарашаңырақ ұғымының қадір-қасиетін арттыра отырып, ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпақ бойына сіңіру бүгінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының негізіне айналып отыр. Биыл байқаудың қалалық кезеңіне 36 отбасы қатысып, комиссия шешімімен 6 отбасы іріктеу кезеңіне өтті, – деді А.Қайруллаев.

Байқаудың қалалық кезеңінде «Өнегелі отбасы» аталымымен «Қызылөзек» ауылының Досановтар отбасы, «Өнерлі отбасы» аталымымен «Тасбөгет» кентінің Ұлықпановтар отбасы, ал «Теміржол династиясы» аталымымен Қызылорда қаласының тұрғындары Байсұғұловтар отбасы марапатталды.

Қызылорда қаласының тұрғындары, Қошқаровтар отбасы байқаудың ІІІ дәрежелі дипломын иеленді. Бұл – 9 бала өсіріп-тәрбиелеп, 20-дан астам немере, 5-6 шөбере сүйіп отырған бақытты отбасы. Отағасы Төлтай Қошқаров 30 жыл №6 кәсіптік-техникалық училищеде шебер болып еңбек еткен, №1 кәсіптік-техникалық училищеде директордың орынбасары болып қызмет атқара жүріп, зейнетке шыққан. Қазір татулығы мен жарастығы мол отбасының абыз атасы.

ІІ дәрежелі дипломмен «Қараиылтөбе» ауылынан Жайсаңбаевтар отбасы марапатталды. Отағасы Мақаш Жайсаңбаев (қайтыс болған), жұбайы Күнсұлу Жайсаңбаева – еңбек және тыл ардагерлері. Отбасында 7 бала өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған өнегелі әулет. Бүгінде жасы 94-ке келген Күнсұлу әже бақуатты, немере-шөбере, шөпшектің қызығын көріп, әулеттің ұйытқысы болып отырған абыз қария, «Алтын алқа» иегері.

Ал байқаудың І дәрежелі дипломын «Қызылжарма» ауылының тұрғындары Жарқынбековтер отбасы иеленді. Отағасы Жарқынбек Әбілпейізов 40 жылдан астам егін шаруашылығымен айналысып, қазір зейнет демалысында. Отбасында 11 бала дүниеге келіп, 50-ден астам немере, 14 шөбере сүйіп, шаңырақ шаттығына бөленіп отырған бақытты ата- әже.

«Мерейлі отбасы» байқауының марапаттау салтанаты қала өнерпаздарының концертіне ұласты. Жас жыршылар Қуаныш Алғазиев, Нұрболат Темірбай, Жұмаш Жансая Сыр сүлейлерінен жыр толғаса, әншілер Елжан Берістенбаев, Мөлдір Құлахметова, Тоғжан Өтенова, Самал Жұбандықова және «Арайлы» би тобы көрермен көңіліне қуаныш ұялатты.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

Орнитолог мамандар «соңғы жылдары елімізде сұңқар тектес құстар саны азайып кетті, тіпті жойылып кету қаупінде тұр» деп дабыл қағуда. Бірақ оған құлақ асып жатқан қаскөй жоқ. Жыртқыш құстарды заңсыз аулаумен айналысатындар шекара бекеттері арқылы шетелдерге асырып жібереді.



# АҚСҰҢҚАР – ҚҰСТЫҢ ТӨРЕСІ

## Олар неге құрып кету алдында тұр?

«Сұңқар» кең ауқымды табиғатты қорғау акциясы 1 тамызды басталған. Еліміздің 12 облысының аумағында өткізілетін шара 31 қазанға дейін жалғасады. Бұл туралы «Охотзоопром ӨБ» РМҚК Қызылорда өңірлік филиалының басшысы Расул Маханов айтып берді. Мұндай ауқымды шара жыл сайын құзырлы орган өкілдерімен бірлесіп өткізіледі. Мақсат белгілі, сұңқар тектес – ақсұңқар, ителгі, лашын құстарын аулап, оларды сыртқа сатушылардың жолын кесіп, сұғанақтарды құрықтау.

– Акция Шығыс Қазақстан, Абай, Жетісу, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Қарағанды, Ұлытау, Павлодар, Жамбыл, Алматы облыстарының және көршілес облыстардың іргелес аудандарының аумақтарында жүргізілуде. Өйткені біздің облыс та осы құстардың миграциялық жолында жатыр. Жаңақорғаннан бастап Арал ауданының Сексеуіл стансасына дейінгі тік жарлы аумақтарды мекендейді. Әлемде сирек кездесетін осы құстарды Қызылорда өңірлік филиалындағы 30 инспектордан жасақталған 5 мобильдік топ қорғайды. Қазір 3 бағытта тосқауыл бекеттерін қойып, жұмыс істеп жатырмыз, – дейді филиал басшысы Р.Маханов.

Айта кетейік, елімізде жойылу қаупінде тұрған құстарды заңсыз аулап, шетелдерге шығаруға тыйым салынған. Сұңқар тектес құстар сиреп бара жатқан соң Қазақстанның «Қызыл кітабы» мен халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген. Табиғат байлығын қорғау бағытындағы жұмыс толассыз жүргізіліп жатса да ұлт нышаны, ел байлығы саналатын құстарды аулау тыйылмай тұр. Қылмыстық кодекстің 339-бабында браконьерлерге қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Алайда «көк қағазға» құныққандарға тоқтам болмай тұр. Бұрын мерзімді басылымдарда сирек кездесетін құстар мен жануарларды заңсыз жолмен әкетуге тырысқандарды шекара бақылау-өткізу бекеттерінің шекарашылары ұстағаны туралы жазылып жататын. Бүгінгі таңда бақылау күшейгендіктен бе, мұндай сорақы көріністі байқай бермейміз.

Биылғы акция басталғалы екі аптадан астам уақыт өтті. Мобильдік топтардың қолына қаскөйлер түсе қоймапты. Көк төсін еркін шарлайтын жыртқыш құстардың тыныштығын қорғайтын мамандар талай браконьерді құрықтаған. Мысалы, өткен жылдың 19 қазаны күні «Шымкент-Самара» тасжолында Шымкентті бетке алған азамат 2 сұңқар және 8 бұлдырықпен ұсталып, Ордабасы бекетіне жеткізілген. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, оған қоса айыппұл өндіріліпті.

Сұңқарлар Еуропа мен Азияның далалық және ормандыдала, шөлді-шөлейтті аймақтарында таралған. Сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік және шығыстағы таулы аудандарда, Мойынқұмда, Үстіртте, Батыс Қазақстанда, Қызылқұмда, Наурызымның қарағайлы ормандарында, Ертіс бойындағы ормандарда, Торғай өзені бойында, Іле өзені мен Балқаш көлі маңында кездеседі.

Қызылорда өңірлік филиал басшысының орынбасары Нұридин Қасымовтың айтуынша, сұңқар тәрізділердің осы аймақта қыстап қалатын және қайтып кететін түрлері бар екен. Олар ерте көктемде жартас кемеріне, биік ағаштар мен электр бағаналарының басына ұя салады. Бір қызығы, көбіне басқа жыртқыш құстардың немесе қарғалардың ескі ұясын пайдаланады. Олар негізінен моногамды (басыбайлы жұп құрады) құстар, ұясын қатарынан бірнеше жыл пайдаланады. Ұядағы 3-5 жұмыртқаны аналығы бір айдан аса шайқайды. Ал балапандары 40-45 күннен соң ұядан ұшады. Негізгі азықтары – әртүрлі кеміргіштер мен ұсақ құстар. Жемін бір орында ұзақ отырып, тасадан күтеді, оны көре салысымен өте шапшаң ұшып, қуып жетіп ұстайды. Кейде құсты жоғарыдан шүйілгіп, қағып түсіреді.

Қайтып кететін түрлері тамыз-қыркүйек айларында жылы жаққа қарай ұшып шығады. Қырандардың ішінде баптауға ең көндіккіші ақсұңқар, ителгі және лашын құстары. Араб елдерінде құсбегілер оны көбіне жорға дуадаққа салады. Ал энергетиктер өрт қаупі жоғары болғандықтан электр бағаналары басындағы қыран ұяларын бұзады екен. «Бұл олардың жұмысы, өкінішке қарай, жыл сайын қаншама балапан опат болып жатыр. Осылайша олардың саны жылдан-жылға азайып барады», – дейді филиал басшысының орынбасары.

Нақты кезеңде елімізде осы топқа жататын 100-150 жұп қана бар деген мәлімет бар. Алматыдағы «Сұңқар» жабайы құстар тәлімбағында жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрған жыртқыш құс балапандарын өсіріп, жабайы табиғатқа біртіндеп баулып, жыл сайын 50-60 бас балапанды еркіндікке жіберіп отыру ісі қолға алынған, орнитолог мамандар осындай жолмен де оның санын көбейтуге болады деп есептейді.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

# ЖАҚСЫНЫҢ ӨНЕГЕСІ ӨШПЕЙДІ

Шежірелі Шиеліден абыз тарих қатпарына атын алтын әріппен жазып қалдырған қаншама тұлғалар түледі. Қазыналы қойнауына құт байланған мекеннің айтулы перзенттерінің бірі – Ермахан Қасымов.



Оның өнегелі өмір жолы ұрпаққа ұлағат. Атқарған жұмыстары әлі күнге дейін ел есінде ескірмей, жақсының ізіндей әдіптеліп келеді.

Е.Қасымов 1915 жылы Шиелі қыстағында дүниеге келген. Мектеп бітірген бойда астық қабылдау мекемесінде лаборант болып еңбек жолын бастаған. Кейіннен Семей қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, Шымкент облысы Шәуілдір ауданындағы астық дайындайтын мекеме бастығы қызметін атқарды.

1938-1946 жылдары соғысқа қатысып, ел қорғады. Карело-фин шығанағында орналасқан барлаушылар отрядында аэрофото қызмет көрсетуші бөлім бастығының орынбасары болып әскери қызметін өтейді. Олар түн мезгілінде ұшып шығып, жау тылын суретке түсіріп келеді екен. Ержүректігі даналықпен үндескен жанның бойындағы байыптылығы сын сағаттарда әрдайым алға жетеледі.

Сұрапыл соғыс енді-енді басталған жылдары барлаушылар отрядындағы медбике Мария Павелқызымен танысты. Сөйтіп жүргенде майдан даласында барлау тобында қызмет ету ісі тапсырылды. Өзіне берілген істі тиянақты орындайтын әдепкі ұстанымы бойынша жұмысын зор жауапкершілікпен атқарды.

Ұрпақтарына сол кездегі басынан өткерген қиыншылықтарын айтып беретін. Әскерде ең бірінші орында қатаң тәртіп талап етілетінін, атқарған жұмысқа адал болу керектігін үнемі ескертетін.

Жұбайы Мария өз естеліктерінде «Күнде таңертең госпитальға бара жатқанымда, аэродромнан келетін кішкене көпір үстінде көретінмін. Сосын «е-е бүгін де аман екен ғой» деп, шүкіршілік ететінмін. Қасымнан өткен сайын ол маған қарай беретін, біз бір-бірімізді көзқарасымыздан, қабағымыздан түсінетінбіз» дейді.

1945 жылы соғыс аяқталып, ел мамыражай күнге жетті. Жұрт қатарлы екеуі де бұрынғы тіршіліктеріне қайта оралып, Жеңіс тойымен қатар өз тойларын өткізді. Сөйтіп екеуі қол ұстасып туған елге оралып, ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Олар қиянкескі ұрыстан аман-есен қалғанын бір-біріне деген боямасыз сезімнің күші деп білетін еді.

Ермахан Қасымовтың майдан даласында, бейбіт күнде көрсеткен ерен ерлігі ескеріліп, «Германияны жеңгені үшін», «Маршал Жуков», «Еңбек ардагері», Жеңістің мерейтойлық медальдарына, бірнеше мәрте Құрмет грамоталарына, басқа да марапаттарға ие болды. Мемлекет басшысының құттықтау хаттарын алды.

Соғыстан кейінгі жылдары туған өлкенің өсіп-өркендеуі жолында өз қолтаңбасын қалдырып, абыройлы қызмет атқарды. Шиелі аудандық тұтынушылар одағының төрағасы, астық қабылдау мекемесінің бастығы болды. Әскер қатарына қайта шақырылып, әуе-қорғаныс саласында қызметін өтеді. Одан кейін Шиелі, Жалағаш ауданында астық қабылдау мекемесінің басшысы болды. Сол кездің талабына сай мекеме ауқымын кеңейтуге, көптеген құрылыстың салынуына жұмыс жасады. Колхозаралық құрылыс мекемесін құруға, малшылардың әлеуметтік жағдайын көтеруге, мал шаруашылығы өнімін арттыруға үлес қосты. Ізгі мұратына жету жолында аянбай тер төкті. Бұл ел үшін туған азаматтың асқар биігі болатын. ПМК-05 мекемесін басқарған жылдары ауданда жаңа үйлер салына бастады. Сондай-ақ кеңсе, мәдениет үйі, аурухана секілді әлеуметтік нысандар бой көтерді. Аудандағы мұнай мекемесін, ПМК-14, ПМК-17 мекемелерін басқарды. Ол қандай қызмет атқарса да, адал еңбек етудің өнегесін көрсетті.

Ермахан Қасымовтың тұлғалық қасиетін айғақтап тұратын өнегелі өмір жолы. Отанды қалай сүю керектігін, ешбір кітаптан оқымай жүрегімен сезініп, жан дүниесімен ұғынды. Соның арқасына салған сүрлеу жолы самаладай жарқырап тұр. Естен кетпес сәттері ұрпақ жадында әлі күнге дейін жаңғырып келеді. «Жақсының аты өшпейді» деп осындайда айтылса керек-ті.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

Дүние дүрмек

## Теңіздегі кептеліс

Қытай жағалауларында балықшылардың жаппай теңізге шығуынан бұрын-соңды болмаған кеме кептелісі қалыптасты. Салдарынан халықаралық сауда жолдарында қауіп артты. Бірнеше күннен бері кемелердің соқтығысу оқиғалары жиіледі. Ал елдің теңіз күштері судағы бақылауды күшейтуге мәжбүр.

Бұл елде 1 мамырдан бастап балық аулауға салынған тыйым күшін жойды. 3,5 ай бойы табыссыз отырған жұмысшылар шешім шыға сала лап қойды. Бір мезетте 55 мың кеме ашық теңізге аттанды. Негізі бас-аяғы 120 мың кеме ау салады екен.

Қазір судағы бақылау күшейтілген. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін патрульдеу кемелері, теңіз тікұшақтары әуеге көтерілді. Кейбір аймақтарда дрондар пайдаланылып жатыр.

## Қайшының жоғалуы рейстерді тоқтатты

Жапонияның Хоккайдо аралында 36 әуе рейсі тоқтатылды, 201-і кейінге шегерілді. Оған ұшаққа отырғызу алаңы маңында орналасқан дүкеннен қайшының жоғалып кетуі себеп болды. Осыған байланысты әуежай мамандары жолаушылардың барлығын тексеру аймағына қайта жіберді. Соған қарамастан, әлгі қайшы әуе рейстері жанданғаннан кейін бір-ақ табылды. Ол дүкен ішінде жоғалған болып шықты.

## Алтын қымбаттады

Әлемде алтын қымбаттап, бір унцияның бағасы 2,5 мың доллардан асты.

Бұл – бұрын-соңды болмаған жағдай. Мамандардың айтуынша, бағалы металл құнының күрт көтерілуіне АҚШ валютасының әлсіреуі себеп. Ал доллардың құнсыздануына Американың жылжымайтын мүлік нарығына қатысты статистикалық деректер мен Ұлыбритания, Жаңа Зеландия және Құрама Штаттардағы пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі әсер еткен.

## Смартфонға тыйым

Әлемнің бірқатар елі жаңа оқу жылында ұялы телефонсыз білім беру жүйесіне жаппай көшпек. ЮНЕСКО былтыр білім мекемелерінде ұялы телефон қолдануға тыйым салу бастамасын көтерген.

Өйткені смартфонға назары ауған баланың сабаққа зауқы болмай, оқу үлгерімі төмендейді. Ұйымның үндеуінен соң бірнеше ел заң жүзінде шаралар қабылдады. Мәселен, АҚШ-тың 10 штатында мектепте ұялы телефон қолдануға тыйым салынған. Ұлыбритания мектептерінде де оқушыға телефон ұстатпайды. Франция бұл ережені 2018 жылы енгізді. Дәл сол жылы Қытайдың Шандунь провинциясы да сабақ барысында телефоннан бас тартқан. Италияда мұғалімдер таңертең оқушылардың смартфондарын жинап алып, дәріс аяқталғанда қайтарады. Биыл бұл үрдісті құптағандардың қатарына Нидерланд қосылды.

**Ақпарат көздерінен**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 23114 Тапсырыс №1316 Кезекші редактор **Айнұр БАТТАЛОВА**